



IQAA

**БІЛІМ САПАСЫН ҚАМТАМАСЫЗДАНДЫРУ БОЙЫНША
ТӘУЕЛСІЗ АГЕНТТІГІ - IQAA**

**СЫРТҚЫ АУДИТ
ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕП
«СЫРДАРІЯ» УНИВЕРСИТЕТІ ЖШС**

6B04201 - «ҚҰҚЫҚТАНУ» / 5B030100 - «ҚҰҚЫҚТАНУ»

ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ АККРЕДИТАЦИЯСЫ

Нур-Султан 2020

Эксперттік топ



Зулпыхарова Эльмира Умирзаковна

Топ жетекшісі

Қ.А. Ясауи университеті тарих кафедрасының профессоры, т.ғ.к.
доцент



Сартаев Сыпатай Алтынбекұлы

Сарапшы

Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университеті, кафедра
меңгерушісінің орынбасары



Тәжібеков Аскар

Жұмыс берушілер өкілі

Жетісай аудандық мұражай директоры



Қуат Нұрғиса Маратұлы

Студенттер өкілі

М. Әуезов атындағы ОҚМУ 3 курс студенті «Тарих» мамандығы

**ӘР СТАНДАРТ БОЙЫНША 6В04201 Құқықтану БІЛІМ БЕРУ
БАҒДАРЛАМАЛАРЫНЫҢ ӨЗІН-ӨЗІ БАҒАЛАУ ЕСЕБІНІҢ
НАҚТЫ ДЕҢГЕЙГЕ СӘЙКЕСТІГІ**

Стандарттар	Әр стандарт бойынша өзін-өзі бағалау есебінің нақты деңгейге сәйкестігін белгілеңіз			
	Толық сәйкестік	Елеулі сәйкестік	Ішінара сәйкестік	Сәйкес келмейді
<i>Стандарт 1</i> Білім беру бағдарламаларының мақсаттары және сапаның қамтамасыз ету саласындағы саясат	+			
<i>Стандарт 2</i> Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару	+			
<i>Стандарт 3</i> Студентке орталықтандырылған оқыту, білім беру және бағалау	+			
<i>Стандарт 4</i> Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау	+			
<i>Стандарт 5</i> Профессорлық – оқытушылық құрам		+		
<i>Стандарт 6</i> Оқу ресурстары және студенттерді қолдау		+		
<i>Стандарт 7</i> Жұртшылықты ақпараттандыру	+			

Мазмұны

1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ	
Кіріспе	5
ЖОО-ның негізгі сипаттамасы.....	5
2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ	
Мамандарылған (бағдарламалық) аккредиттау стандарттарына сәйкестік	
Кіріспе	7
Стандарт 1	
Білім беру бағдарламасының сапанын қамтамасыз ету саласындағы саясат.....	8
Стандарт 2	
Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару.....	11
Стандарт 3	
Студентке бағытталған оқыту, білім беру және бағалау.....	14
Стандарт 4	
Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау.....	18
Стандарт 5	
Профессорлық - оқытушылық құрам	21
Стандарт 6	
Оқу ресурстары және студенттерді қолдау	25
Стандарт 7	
Жұртшылықты ақпараттандыру.....	28
3 ТАРАУ	
ҚОРЫТЫНДЫ	31
ҚОСЫМШАЛАР	
Қосымша 1	
Сыртқы бағалаудың бағдарламасы	33
Қосымша 2	
Сұхбатқа қатысқандардың тізімі	34
Қосымша 3	
ЖОО-да қосымша қарастырылған құжаттар.....	38

1 ТАРАУ МӘТІНМӘН МЕН САПАРДЫҢ МАҚСАТЫ

Kіpіcne

- Сырдария университетінің мамандандырылған аккредиттеу процедурасы шеңберінде сарапшылар тобының сыртқы сапары 2020 жылғы 12-13 қазан аралығында өтті.
- Сыртқы аудит IQAA жасаған және университет әкімшілігімен келісілген бағдарламаға сәйкес жүргізілді. Жұмысқа қажетті барлық материалдар (сапар бағдарламасы, университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебі, мамандандырылған аккредиттеу процедурасы бойынша сыртқы бағалауды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі нұсқаулық) сараптама тобының мүшелеріне білім беру ұйымына барар алдында таныстырылды, бұл сыртқы бағалау процедурасына уақытылы дайындалуға мүмкіндік берді.

Университет басшылығымен кездесу сарапшылар тобына университеттің жалпы сипаттамасын, соңғы жылдардағы жетістіктер мен білім беру бағдарламаларын және жалпы университеттің даму перспективаларын алуға мүмкіндік берді.

Сыртқы сапарда жоспарланған іс-шаралар университеттің құрылымымен, оның материалдық-техникалық базасымен, кафедра профессор-оқытушылар құрамымен, студенттермен, магистранттармен және докторанттармен, университеттің түлектерімен, жұмыс берушілерімен толығырақ танысуға ықпал етті және сыртқы сарапшыларға білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінің деректерінің нақты сәйкестігін тәуелсіз бағалауға мүмкіндік берді.

Университеттің білім беру бағдарламаларының өзін-өзі бағалау есебінде көптеген ақпарат бар, мұнда университеттің барлық бағыттары мен құрылымдық бөлімшелері мамандандырылған аккредиттеу стандарттарына сәйкес талданады, күшті және әлсіз жақтары анықталады, қауіп-қатерлер мен одан әрі дамудың мүмкіндіктері анықталады.

Оқу, ғылыми-әдістемелік процестерді, материалдық-техникалық және оқу-зертханалық базаларды ұйымдастыру туралы жалпы түсінік алу, оның стандарттарға сәйкестігін анықтау, сондай-ақ олардың жұмыс орындарында студенттермен және қызметкерлермен байланыс орнату мақсатында визуалды тексеру жүргізілді. Сарапшылар бөлімдерді, бөлімдер мен орталықтарды, кітапхана, фельдшерлік-акушерлік пункт, спортзал, жазғы спорт алаңы және денсаулығына байланысты студенттерге арналған жаттығу бөлмелерін және т.б. қарап шықты.

Сыртқы аудитті өткізу барысында сарапшылар кафедралардың құжаттамасын зерделеді және жұмыс барысымен, оқу-әдістемелік және материалдық-техникалық қамтамасыз етумен толығырақ танысу мақсатында аккредиттелген бағдарламалар бағытындағы кездесулерге қатысады.

Университеттің негізгі сипаттамалары

- «Сырдария» университеті жауапкершілігі шектеулі серіктестігі 1998 жылдың 27-ші шілдесінде Қазақстан Республикасы Білім, мәдениет және

денсаулық сақтау министрлігінің №408 бұйрығымен құрылған. 1998 жылдың 5-наурызында Оңтүстік Қазақстан облысының Әділет департаменті, Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында заңды тұлға ретінде тіркелді. 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған ААН 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ№ 0137474 сериялы лицензия негізінде қызметін атқаруда. Университет ректоры қызметін Мамраимов Серік Дәулетұлы атқарады. «Сырдария» университеті мемлекеттік лицензияға сәйкес мемлекеттік тапсырыс және ақылы негізде күндізгі, қашықтықтан оқыту қысқартылған нысандары негізінде білім беру қызметін көрсетеді.

- Университетте 5 оқу ғимараты, өндірістік практика өткізуге арналған инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы, жылыжай, 4 кітапхана, 500 орындық «Студенттер сарайы», 320 орындық жатақхана бар.

- Университет білім алушыларының оқу, әдістемелік, ақпараттық, анықтамалық материалдар, өзіндік тапсырмалар орналасқан білім беру порталына кіру үшін өздерінің есептік жазбалары бар. Профессор-оқытушылар құрамы мен студенттер Platonus, Cisco Webex және Instagram, WhatsApp және Facebook Messenger платформалары арқылы қашықтықтан оқыту жүйесін жүзеге асырады және студенттермен ұдайы кері байланысты ұйымдастырады тексеру барысында анықталды.

Заңды және нақты мекен-жайы

160500 Қазақстан Республикасы,

Жетісай қ., К. М. Әуезов, 14.

Телефон: 8 (72534) 6-14-63, 6-14-27

Факс: 8 (72534) 6-14-63, 6-20-08

Электрондық пошта: info@sirdariya.kz, sirdariya@gmail.com.

2 ТАРАУ САРАПШЫЛАР ТОБЫНЫҢ СЫРТҚЫ АУДИТ ЖӨНІНДЕГІ ЕСЕБІ

Kіріспе

"Сырдария" университеті 2002 жылы 12-ақпанда Білім берумен шұғылдануға арналған ААН 000169 сериялы лицензиясы, 2010 жылы 28-қыркүйекте жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру қызметін жүргізу құқығы беріліп, АБ№ 0137474 сериялы лицензия негізінде қызметін атқарады.

Қазіргі күнде университетте білім беру қызметі 27 бакалавриат және 6 магистратура білім беру бағдарламалары бойынша жүзеге асырылады, барлық білім беру бағдарламалары бойынша дайындық мемлекеттік тілде жүргізіледі. 2018 жылдың қараша айында ИСО 9001-2015 ХС талаптарына сәйкес сертификаттаушы орган Түрік стандарттар институтының «TSE» университеттің үрдістерін жүйелі түрде және сапалы жүргізу мақсатында енгізілген сапа менеджменті жүйесін сараптап, сыртқы аудиттен сәтті өтуіне байланысты №KY6144/10-R15 және IQNET № TR-KY-6144/10-R15 сертификаттары берілді.

Қазіргі таңда 5 оқу ғимараты, өндірістік практика өткізуге арналған инновациялық ғылыми-зерттеу орталығы, жылыжай, 4 кітапхана, 500 орындық «Студенттер сарайы», 320 орындық жатақхана бар.

2018-2019 оқу жылында университет төртінші рет ресертификациядан өтті. ХС ИСО 9001:2015 стандарты сәйкестігі туралы жаңа № KY-6144/10-R16 және IQNET № TR-KY-6144/10-R15 сертификаттарына ие болды.

2018-2019 оқу жылында университет институционалдық аккредиттеу шеңберінде постмониторингтен өтіп, сертификат мерзімі 2021 жылға дейін ұзартылды.

Қазақстан Республикасының салық төлеушілерін жалпы мемлекеттік саралаудың қорытындысы бойынша "Сырдария" университеті "Сала көшбасшысы -2019" марапатының иегері атанды. "Қазақстан Республикасы кәсіпорындарының ТОП-25" рейтингісінде "Мемлекеттік қазынаға қосқан үлесі" көрсеткіші бойынша 16-шы (Күміс), ал "Сенімді салық төлеуші" көрсеткіші бойынша Қазақстандағы кәсіпорындар арасында 17-ші (Күміс) орынды иеленді. "Сырдария" университеті нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017-2021 жылдарға арналған "Еңбек" мемлекеттік бағдарламасы шеңберінде қысқа мерзімді кәсіптік оқыту курсы жүргізіп, аудан тұрғындарына қосымша біліктілік куәліктер тапсырды. Жыл сайын жұмыс берушілермен байланысты нығайту мақсатында белсенді түрде жұмыстар жүргізіліп, бітірушілерді жұмысқа орналастыру тақырыбында сұраныс-келісімдер жіберіліп, бос орындардың жәрмеңкесі ұйымдастырылады және өткізіледі. Түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші 75% .

Стандарт 1. Білім беру бағдарламасының сапанын қамтамасыз ету саласындағы саясат

Дәлелдемелер және талдау

6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасы Университеттің миссиясына, стратегиялық жоспарына, мақсаты мен міндеттеріне сәйкестендірілген.

6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасының мақсаты университеттің даму стратегиясына сәйкес келеді.

6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасының миссиясы білім беру сапасына жаңа инновациялық технологиялар мен зерттеулер нәтижесін енгізу, бәсекеге қабілетті жоғары білікті, еңбек нарығына лайықты етіп даярлауға бағытталған.

Оқу бағдарламасының мақсаты Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына, ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020 № 182 бұйрығымен өзгеріс енгізілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және білім беру бағдарламаларын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында бекітілген Кредиттік оқыту технологиясы бойынша оқу үдерісін ұйымдастыру ережесіне негізделінген.

БББ сапасын қамтамасыз ету саясаты студенттердің талабы мен сұраныстарын және БББ сұранымды бағалау нәтижесіне, жұмыс берушілердің мүддесі мен еңбек нарығының талабына сай қалыптастырылған. Кафедрада аталған мақсаттарды орындауға қажетті ресурстармен толық қамтамасыз етілген.

Саясат университеттің барлық бөлімшелеріне таратылып, университет сайтында орналастырылған. (www.sirdariya.kz).

6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасы академиялық топтардың білім беру бағдарламасына қатысты ерекшеліктерін негізге ала отырып, университет миссиясына, бағдарламаның әлеуеті тұтынушыларының сұраныстарына сәйкес құрылған.

6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасы кафедраның сапа бойынша мақсаттары мен міндеттерін іске асыру арқылы орындалады. Білім беруді дамыту университеттің 2020-2025 жылдарға арналған стратегиялық даму жоспары арқылы жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасының динамикасы үнемі еңбек нарығының талаптары мен сыртқы ортаның өзгерістеріне сай өзгеріп отырады. Оған таңдау пәндерінің каталогы куә бола алады. Аталған өзгерістер жаңа оқу жоспарларын жасауды және жаңа таңдау пәндерін енгізуді талап етеді.

Элективті пәндер каталогы жұмыс берушілердің пікірлері мен тілектерін ескере отырып дайындалады және тұрақты түрде қайта қаралады, олар кафедрада сақталатын пәндерді келісу тізбесінде (хаттамасында) көрсетіледі және бекітіледі. Мәселен, түрлі оқу жылдарында жұмыс берушілер құқық

қорғау органдарының, мемлекеттік мекемелерінің және кәсіпкерлік салаларының басшылары ретінде жоғарыда көрсетілген элективті курстарды ұсынды, олар 6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасының ЭПК-на енгізілген.

БББ мақсаттары нарықтық талаптарға сәйкес бар ресурстарды пайдалану негізінде орындалады.

2018 жылдың қараша айында ИСО 9001:2015 ХС талаптарына сәйкес сертификаттаушы орган Түрік стандарттар институтының «TSE» университеттің үрдістерін жүйелі түрде және сапалы жүргізу мақсатында енгізілген сапа менеджменті жүйесін сараптап, сыртқы аудиттен сәтті өтуіне байланысты №KY6144/10-R15 және IQNET № ТК-KY-6144/10-K15 сертификаттары берілді.

Университетте мамандарды даярлауда жоғарғы білімнің ұлттық жүйесін еуропалық және халықаралық білім кеңістігімен бәсекелесуге мүмкіншілік беру мақсатында кредиттік оқыту жүйесі енгізіліп, жүзеге асырылады. Бұл жүйе Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, білім жүйесін дамытудың негізгі бағыттарына, Болон декларациясы талаптарына сәйкес құрылған. БББ мақсатын анықтау және нәтижеге қол жеткізу мамандық шығарушы кафедраларға жүктеледі. Жүктелген міндеттер оқу үрдісін, іс-тәжірибені ұйымдастыру, оқу-әдістемелік құралдармен, заман талабына сай.

6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасын шығарушы кафедра міндетіне жұмыс оқу жоспарын, элективті курстар тізбесін, оқу-әдістемелік кешендерін (әрі қарай ОӘК), іс-тәжірибе бағдарламасы, жұмыс берушілермен келісілген бағдарламалардың мазмұндары, бітіруші түлектердің жұмысқа орналасуы, үлгерім мониторингі, сыртқы орта мен еңбек нарығы талаптарына сәйкес көкейкесті БББ жасау кіреді.

Жыл сайын жұмыс берушілермен байланысты нығайту мақсатында белсенді түрде жұмыстар жүргізіліп, бітірушілерді жұмысқа орналастыру тақырыбында сұраныс-келісімдер жіберіліп, бос орындардың жәрмеңкесі ұйымдастырылады және өткізіледі. Түлектерінің жұмысқа орналасу көрсеткіші 75% .

БББ жоспарлау негізгі мәселелерді шешу аспектілерін қарастырады: білім беру талабына сәйкес ПОҚ болуы, БББ модульдік-рейтингтік қағидалары негізінде жоғары нәтижелерге қол жеткізу, ғылыми ресурстардың әлеуеті мен инновациялық қызметін жетілдіру, оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз ету, студенттер контингентінің тұрақтылығын қамтамасыз ету.

6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» БББ бойынша бакалавр мамандарды даярлау 1998 жылдан жалпы білім негізінде күндізгі бөлімде мемлекеттік тілде жүзеге асырылып келеді және бітіруші түлектер 6B04201 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша бизнес және басқару бакалавры дәрежесін иеленеді. БББ бакалавр дәрежесін оқыту түрі қазақ тілінде оқу түрінің күндізгі бөлімінде, жалпы орта білім негізінде жүзеге асырылады.

Сапа менеджменті жүйесі тиімділігінің мониторингі ішкі және сыртқы аудит арқылы жүзеге асырылады. Сыртқы аудит қорытындысы бойынша университеттің сапа менеджменті жүйесі тиімді болып табылады және ISO 9001:2015 халықаралық стандартының талаптарына толық сәйкес келеді. Жұмыс берушілермен бірлескен жұмыс Білім беру бағдарламаларының мазмұнын жүйелі түрде қайта қарау және түлектердің алатын құзыреттіліктерін еңбек нарығының ағымдағы және перспективалық талаптарына сәйкес келтіру мақсатында элективті пәндер каталогтарын жыл сайын жаңарту арқылы көрсетіледі. Бітірушілерді даярлау сапасы туралы қажеттілік пен пікірді зерделеу үшін барлық мүдделі тараптардың (білім алушылар мен жұмыс беруші кәсіпорындардың) өкілдеріне сауалнама жүргізіледі (ЖОО-да Құқық және экономика кафедрасының ПОҚ-ның еңбекті ұйымдастыруға қанағаттану деңгейі-92,18% (4,86 балл). ЖОО-да еңбек ұйымы ПОҚ-ның қанағаттануының барлық көрсеткіштерін бағалау 95% - дан жоғары).

Ғылыми жұмыстың нәтижелері жоғары оқу орнының оқу процесіне енгізіледі, сонымен қатар элективті курстардың негізіне айналады. Қолданбалы зерттеулер саласында тең құқықты және өзара тиімді ынтымақтастықты дамыту, сондай-ақ ғылыми-білім беру қызметін дамыту мақсатында «Корпорация Ақ-Алтын» ЖШС базасында «Құқық және экономика» кафедрасының филиалы ашылды. Өзара іс - қимыл бір жағынан қазіргі заманғы білім беру технологияларын кеңінен қолдануды көздейді, оларды бейімдеу және апробациялау кафедраның әрбір филиалының қызметі шеңберінде жүзеге асырылатын болады, ал екінші жағынан-өндіріс орындарының инновациялық мүдделеріне сәйкес элективті курстарды әзірлеу және келісу, студенттер мен педагогтардың ғылыми-зерттеу жұмыстарына рецензиялау, кафедраның ПОҚ мен филиал мұғалімдерінің жаңартылған бағдарлама бойынша оқытудың өзекті мәселелерін бірлесіп шешуге көмектеседі.

Білім беру бағдарламасының мақсаттарының тиімділігі студенттердің үлгерімі, кәсіптік тәжірибе нәтижелері, дипломдық жұмыстарды қорғау сапасы және мемлекеттік емтихандарды тапсыру, студенттердің оқу сапасымен қанағаттану дәрежесі туралы мәселелерді кафедра, факультет кеңесі, деканат отырыстарында жоспарлы қарау арқылы жүйелі түрде бағаланады. Факультет кеңесінің отырысында "дипломдық жұмыстардың тақырыптарын бекіту", "жас ғалымдар кеңесі мен студенттердің ғылыми қауымдастығы жұмысының есептері", "студенттердің өндірістік практикасының қорытындылары туралы" және т.б. мәселелер тұрақты қарастырылды. Білім беру бағдарламасының мақсаттарына қол жеткізу тиімділігінің көрсеткіштері сыртқы және ішкі мониторинг нәтижелері болып табылады.

Академиялық адалдық пен академиялық еркіндікті қолдау, студенттерге, оқытушыларға немесе қызметкерлерге қатысты кез-келген

төзбеушіліктен немесе кемсітушіліктен қорғауға қатысты шаралар университетте тұрақты жүргізіліп отырады.

Университетте жазбаша жұмыстарды плагиатқа тексеру «Антиплагиат» жүйесі негізінде жазба жұмыстардың өзіндік орындалуын қамтамасыз етеді АО "Антиплагиат" лицензиялық бағдарламасында жүргізіледі 16.01.2019 ж. № 866 соңғы лицензиялық шарт, ЭЕМ арналған бағдарламаны мемлекеттік тіркеу туралы РФ № 2012660173 куәлігі " Антиплагиат.ЖОО»)

Университеттің табысты дамуының маңызды көрсеткіші- университеттің сыртқы және ішкі имиджін тұрақты жақсарту саясаты болып табылады, оның негізгі өлшемдерінің бірі-университеттің жергілікті қоғамдастықта, академиялық қоғам алдында, ұлттық рейтингтердегі оң бейнесі. ПОҚ пен қызметкерлердің еңбек ұжымының жиналыстарына, ректормен, проректорлармен, факультет декандарымен кездесулерге, Ғылыми кеңестің, ректораттың, университет кеңесінің, кафедралардың отырыстарына қатысуға және олардың қызметін жақсарту бойынша ұсыныстар енгізуге мүмкіндігі бар. Студенттермен ПОҚ және ректормен өз мәселелері, сыбайлас жемқорлық, құқық бұзушылық мәселелері бойынша кездесулер үнемі өткізіліп тұрады. ЖОО басшылығының қол жетімділігі және оқытушылар мен студенттердің кері байланысы университет ректорының блогы, оқытушылар мен студенттердің жеке парақшалары арқылы Platonus ақпараттық-бағдарламалық кешенінде қамтамасыз етіледі.

Оң тәжірибе: 6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасының миссиясы университеттің білім беру, ғылым мен инновациялық қызметті заман талабына сай интеграциялау және Қазақстан Республикасының даму стратегиясына сәйкес жаңашыл мамандар даярлау миссиясына толықтай сәйкес келеді.

Білім беру бағдарламасының бірінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

Стандарт 2. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу, бекіту және ақпараттарды басқару

Дәлелдемелер және талдау

Кафедра жоғары білім беру бағдарламалары шеңберінде, Ұлттық біліктілік аясында, кәсіптік стандарттарға сәйкес және Дублин дескрипторлары мен Еуропалық біліктілік шеңберіне үйлестірілген БББ өз бетінше әзірледі. Құзыреттерге негізделген БББ жоғары кәсіптік білім беретін ҚР МЖМБС, салалық стандарттарға, кәсіптік стандарттарға, университеттің материалдық-техникалық базасына, арнайы оқу және оқу-әдістемелік әдебиеттер мен қалыптасқан Еуропалық жоғары білім беру тәжірибелеріне, жұмыс берушілердің, бітірушілердің талаптарына сәйкес дайындалған.

Дублин дескрипторларына сәйкес білім беру бағдарламасында студентке орталықтандырылған оқытуды айқындайтын: құзыреттер, құзыреттіліктер және тәжірибеге бағытталған күтілетін нәтижелер анықталған.

Білім беру бағдарламасы студенттер мен еңбек нарығының сұранысына сай әзірленген. Жұмыс берушілердің ұсыныстары бойынша оқу жоспарына жаңа пәндер қосылған. Білім беру бағдарламаларын әзірлеу процесіне ПОҚ, жұмыс берушілермен қатар студенттер де қатысқан.

Білім беру бағдарламасы Ұлттық біліктілік шеңберімен, кәсіби стандарттармен сәйкестендіріле жасалған және сыртқы сараптау мен рецензиялаудан өткен.

Білім беру бағдарламасы бойынша оқу жұмыс жоспарымен сәйкес білім беру үрдісін ұйымдастыру және өткізу үшін, университетте әр оқу жылына оқудың барлық түрі үшін академиялық күнтізбе жасалынады.

Бакалавриат білім беру бағдарламасы бойынша оқудың барлық түрі үшін академиялық күнтізбе тіркеу бөлімімен жасалынып, факультет декандарымен және ОӘЖ жөніндегі проректормен келісіледі.

Академиялық күнтізбе белгіленген үлгі бойынша жасалынып, тамыз айында Университеттің Ғылыми кеңесімен бекітіледі.

Модульдік принципке негізделген 6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасының құрылымы білім алушылардың моделі мен оқыту нәтижелерін қамтиды.

Білім беру бағдарламасының мазмұны мен құрылу логикасы ҚР БҒМ-нің нормативті талаптары мен университеттің ішкі ережелеріне негізделген. Білім беру бағдарламасын құрастырудың қазіргі кездегі ережелері жоғары білім берудің Мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сай жүзеге асырылады, ол міндетті түрде меңгерілетін курстардың концепциясын бейнелейді, түлектердің кәсіби құзыреттілігін және біліктілігін анықтайды. Міндетті пәндер тізімі берілген типтік оқу жоспарында кредиттер саны көрсетілген, базалық, профильдік және жалпы білім беретін циклдардың қатынасын реттейді, элективті курстар компоненттерінің көлемін анықтайды. Білім беру бағдарламасын құра отырып, нормативті және оқу құжаттарының тұтастығы білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін тиімді басқару механизмімен қамтамасыз етеді.

6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану» білім беру бағдарламасы бойынша білім беру үдерісін ұйымдастыруда білім беру бағдарламасының мазмұнын таныту, оқу жоспарларын жасау, сынақ бірліктері (кредиттер) жүйесін және соған сәйкес білім беру технологияларын қолданудың модульдік қағидатына негізделген кредиттік - модульдік жүйе қолданылады. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастырудың қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылы 12 қазандағы № 563 бұйрығымен бекітілген) университет Ережесі негізінде жүргізіледі.

Кәсіптік практика білім алушының оқу жұмысының міндетті компоненті болып табылады. ББ ерекшелігіне сәйкес келесідей практика түрлері ұйымдастырылады: оқу, өндірістік, дипломалды.

Білім беру бағдарламасы ОӘК және ПОӘК толық қамтамасыз етілген. Онда талап етілетін құжаттардың барлығы талапқа сай рәсімделген. Оқытушылар дайындайтын пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдары кафедраның мәжілісінде талқыланады, кафедра меңгерушісі бекітеді. Бекітілген пәннің оқу-әдістемелік кешендері мен оқу-әдістемелік құралдар университеттің автоматталған ақпараттық PLATONUS жүйесінде жүктеледі. Олармен студенттер өздерінің жеке кабинеттері бойынша танысады, оқу үдерісінде пайдаланады.

Білім беру бағдарламасын игеру үшін курстың қысқаша мазмұнынан, міндеттері мен алынатын нәтижелерінен, құзыреттіліктердің тізімінен, пререквизиттері және постреквизиттерінен тұратын элективті курстардың каталогы жасалынды. Сондай-ақ оқу-әдістемелік құралдармен қамтамасыз етілу картасы, оқу жұмыс жоспарлары, кәсіби практиканы өткізуге және қорытынды аттестаттау, дипломдық және курстық жұмыстарды жазуға арналған әдістемелік нұсқаулармен қамтамасыз етілген.

Оқытудың кредиттік жүйесінің қызметі мен ендіру сапасы деңгейі барлық талаптарға жауап береді.

Бүгінгі таңда университеттің кітапхана қоры барлық қажетті оқу-әдістемелік әдебиеттермен жабдықталған және қазіргі уақытта 350 922 бірлікті құрайды. Жаңа электронды оқулықтар сканерленіп, университеттің электронды кітапханасының сайтына орналастырылды (<http://kosirdariya.kz/300-.html>). барлық сканерленген кітаптар мен оқулықтар университеттің электрондық ресурстар каталогына енгізілген және студенттер мен оқытушылар ҚБТ жағдайында белсенді қолдана алады (<http://kosirdariya.kz>).

ЖОО-ның барлық ПОҚ және білім алушылар ҚБТ іске асыру үшін қажетті жабдықтармен және Интернетке қосылумен қамтамасыз етілген. Платонус ААЖ-ға қосылу мекен-жайлары берілді, жабдықтары жоқ оқытушылар ноутбуктермен қамтамасыз етілді; ЖОО оқытушыларының жазылған дәрістерін жүктеу үшін ЖОО-ның Youtube арнасы құрылды; ЖОО-ның сайтында барлық білім беру бағдарламалары бойынша ПОӘК орналастырылды (sirdariya.kz).

Білім беру бағдарламасының қызмет нәтижесі студенттердің, қызметкерлердің және басқа да мүдделі тараптардың қатысуымен сауалнама арқылы тұрақты түрде бағаланып, мониторинг жасалалып отырады және білім беру үдерісіндегі өзгерістерге сәйкес кейбір мәселелер қайта қаралады, толықтырулар мен өзгерістер енгізіледі. Мәселелен, 2019-2020 оқу жылында білім алушының білім беру траекториясына, ең алдымен, оқуды жалғастыру және келесі білім беру деңгейіне (жинақтау қызметі) өту мүмкіндігіне қатысты ұстанымын анықтау үшін, ECTS кредиттерін қолдану арқылы білім бағдарламасына ауысуға оңтайлы мүмкіндік туғызу мақсатында барлық оқу

топтарының оқу жұмыс жоспарлары қайта қаралып, өтпелі оқу жұмыс жоспарлары әзірленді.

Білім беру сапасын іштей бағалау механизмдерінің үздіксіз, тиімділігі студенттер арасында түрлі сауалнамалар жүргізу, оқытушылардың оқу-әдістемелік және ғылыми-зерттеу еңбектеріне мониторинг жүргізу кафедра оқытушыларының өзара сабаққа қатысуы, ашық сабақтар өткізу, есеп беру арқылы жүргізіледі.

Білім беру бағдарламасын бағалау нәтижелері оқыту сапасын қадағалап отыратын кафедра, факультет кеңесі, ректорат, Ғылыми кеңес отырыстарында талқыланады. Білімді бағалаудың сапасын анықтау үшін барлық оқу топтарының сессия қорытындысы көрсетілген мониторинг жасалады. Мониторингте оқу топтарының және курстардың білім динамикасы салыстырмалы түрде талданады. Бұл кафедра мәжілісінің хаттамасында тіркеледі.

Білім беру бағдарламасындағы пәндер білім беру мақсатына сәйкес жоғары деңгейдегі оқу және дидактикалық материалдармен толық қамтамасыз етілген. Үлгілік оқу бағдарламалары, силлабустар, пән бойынша әдістемелік нұсқаулар СМЖ талаптарына сай рәсімделген. Әр пән бойынша кітапхана қорындағы қажетті әдебиеттер санын анықтау мақсатында кафедра референті кітапхана жүйесімен тығыз байланыс жасап отырады. Білім алушылар үшін барлық оқу ресурстары қолжетімді, ізденуге мүмкіндік жасалған. Университет кітапханасы мен оқу, электронды оқу залдары тұрақты жұмыс жасайды және ресурстар қоры үнемі толықтырылып отырады.

Білім беру бағдарламасының екінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

Стандарт 3. Студентке бағытталған оқыту, білім беру және бағалау

Дәлелдемелер және талдау

Студенттер БББ басты тұтынушылары болып табылады, сондықтан бағдарламаның жүзеге асырылуы олардың мүдделеріне негізделеді. Университеттің білім беретін ортасы білімгердің келесі мінездемесін: жекелігін, жеке басының және кәсіби өсуін, дербестігін және өзін-өзі бағалау және сыйлау секілді қасиеттерін оқу үдерісінде есепке алады. Оқытуға деген жаңаша көзқарас студент тұлғасын алдыңғы қатарға қояды.

Студенттердің оқу жүктемесі олардың жеке қабілеттері мен мүмкіндіктерін ескере отырып әзірленеді. Мұның басты бір айғағы ретінде оқу жұмыс жоспарына қойылатын пәндердің жүйелілігін сақтап, пәннің пререквизиті мен постреквизиттерін сақтай отырып қойылуын айтуға болады. Студенттердің жеке оқу жоспарында оқыту деңгейі бойынша білім беру бағдарламаларының барлық элементтері мен компоненттері толық көрсетіліп отырады.

Оқу жүктемесі студенттің барлық оқу әрекетін қамтиды – дәрістер, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық жұмыстар, кәсіптік практика, дипломдық жұмыс (жоба), өзіндік жұмыс, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс. Студенттің оқу жүктемесін анықтау кезінде оқу жылы нысандарын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымы дербес айқындайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 апта), аралық аттестаттау, практика, каникул кезеңдерінен, қорытынды аттестаттау кезеңінен (бітіруші курста) тұратыны әр студентке ескертіледі.

Таңдау пәндеріне тіркелу процесі көктемгі семестрден басталады. Кафедра эдвайзері және пән оқытушылары наурыз және сәуір айларында таңдау пәндеріне таныстырылым дайындайды және студенттерге пәннің зерттеу нысаны жөнінде ақпарат береді. Элективті каталогтың көмегімен студенттер өз таңдауларын жасайды және автоматталған ақпараттық PLATONUS жүйесінде тіркеледі.

Екінші және одан жоғары курс білімгерлері өздерінің жеке оқу жоспарын келесі курстарға толықтырады. Тіркелу әрбір студентке өз бетінше өзіне қажетті оқу траекториясын таңдауға мүмкіндік береді.

Білім үрдісінің аяқталуының негізгі белгісі студенттер 240 кредитті немесе 7200 сағатты және 20 кредиттен немесе 600 сағаттан кем емес тәжірибені меңгеруі болып табылады. Осыған орай, студент жалпы білім беру пәндері циклі бойынша 56 кредитті немесе 1680 сағатты, оның ішінде 51 кредит, 1530 сағат – міндетті компонент, 5 кредит, 150 сағат – жоғары оқу орны компонентін меңгерулері қажет.

Базалық пәндер циклі бойынша 112 кредит, 3360 сағат, оның ішінде жоғары оқу орны компоненті – 56 кредит, таңдау пәні – 56 кредит.

Бейіндеуші пәндер циклі бойынша 83 кредит, оның ішінде жоғары оқу орны компоненті – 37 кредит, таңдау пәні – 46 кредит.

Студент бір академиялық кезеңде 30 кредит немесе 900 академиялық сағатты меңгеруі қажет.

Әлеуметтік қолдау шегінде университет студенттері көмектің мына түрлерін пайдалана алады:

- студенттердің әртүрлі санаттарына және әлеуметтік дәрежесіне оқыту үшін төлеу кезінде берілетін жеңілдіктер;
- жатақханада жеңілдікпен тұру құқығы.

Білім беруді қолдау оқушыларды оқу, спорт, ғылыми-зерттеу және қоғамдық қызметтегі жоғары жетістіктері үшін ынталандыру түрінде жүзеге асырылады. Университеттегі оқу күн тәртібі студент уақыты жететіндей етіп, әсіресе оқу үшін, өз бетінше дайындалу және демалу үшін ыңғайлы құрылған.

Студенттерге материалдық және әлеуметтік көмек бюджетте оқу жылына бекітілген қаражат шегінде ұдайы жүзеге асырылады. Студенттерді қаржылай қолдау академиялық процестер бойынша, сондай-ақ, оқу ақысын төлеуге қиындықтары бар студенттердің өтініштері бойынша жүзеге асырылады.

Университетте спортта және шығармашылықта ерекше табысқа жеткен студенттер үшін ынталандырудың ерекше жүйесі көзделген. Студенттерге медицина пунктінде тегін медициналық көмек көрсетіледі.

Студенттерге білім беру процесінен тыс әрдайым әлеуметтік, психологиялық қолдау көрсетіліп отырады, оқуға деген терең қызығушылық танытатын студенттерге қабілетіне қарай түрлі тапсырмалар беріліп, арнайы зерттеу жұмыстарына тартылады. Білім алу қиындықтары бар студенттерге сабақтан тыс уақытта кеңес беріліп, тапсырманы орындауға көмек көрсетіліп отырады. Үлгерімі жақсы студенттерге бос уақытында жұмыс істеуге мүмкіндік жасалған. Оқу, жұмыс және оқушылардың жеке өмірі арасындағы тепе-теңдік сақталған.

Университет академиялық ұтқырлық бағдарламасы білім алушылары немесе оқытушы-зерттеушілер оқыту немесе зерттеулер жүргізу үшін белгілі бір академиялық кезеңде (семестрге немесе оқу жылына) өзінің білімін жалғастыру үшін басқа жоғары оқу орнына ұтқырлық бағдарламасы бойынша барып, оқуға мүмкіндік алады. Университетте академиялық ұтқырлық бағдарламасы жұмыс істейді: сыртқы (халықаралық) – шетелдік ЖОО-нда оқытудан өту және ішкі (ұлттық) – жетекші қазақстандық ЖОО-нда оқыту. Білім беру бағдарламасы бойынша біздің студенттер, Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік педагогикалық университеті, Халықаралық гуманитарлық-техникалық университеті, Silkway халықаралық университеті, Тәжік педагогикалық институтымен академиялық ұтқырлық бойынша студенттер алмасады.

Қабылдаған ЖОО-да білім алушылар оқу орнының ережелеріне сәйкес оқуға қабылдаудың әкімшілік рәсімдерінен өтеді. Қабылдаған ЖОО-нан келген соң білім алушылар оқу туралы транскриптті немесе болған елдегі оның аналогын және қаржылық есепті (ЖОО қаражаты есебінен оқыған жағдайда) ұсынады. Оқу туралы транскриптке оқу бағдарламасы туралы мәліметтер енгізіледі: пәннің (модульдің) атауы, оқу ұзақтығы (жыл, семестр, триместр), оқу бағасы, игерілген академиялық кредит саны. Транскрипт негізінде қазақстандық ECTS типі бойынша қайта есептеу жүйесіне сәйкес білім алушыға міндетті түрде кредиттерді қайта есептеу жүзеге асырылады. Академиялық ұтқырлық шеңберінде білім алушылардың толық көлемде игерілген және транскрипспен расталған оқу нәтижелері ЖОО міндетті түрде саналады.

Академиялық ұтқырлық туралы ереже (ішкі және сыртқы) университеттің сайтында (Platonus 89.218.153.154) орналастырылған «Университеттің академиялық саясатында» көрініс тапқан.

Университет мобильділікті қалыптастыруға, зерттеу дағдыларын дамытуға бағытталған студенттердің үздіксіз өз бетімен білім алуын қамтамасыз етуді мақсат етеді және сол үшін максималды жағдайлар жасайды, оларды кейінгі процестерде жетілдіріп отырады. Білім беру бағдарламасы студенттердің үздіксіз білімді жетілдіру мен кәсіби ұтқырлықтың қалыптасуына бағытталған.

Университеттің арнайы сайты бар (sirdariya.kz), мұнда университет, білім беру бағдарламасы, бөлімшелер туралы жалпы ақпарат, хабарландырулар мен жаңалықтар беріледі. Ал автоматталған ақпараттық PLATONUS жүйесі бойынша студенттер ОӘК, күнтізбе, емтахан тапсыру кестесі және басқа да оқу үрдісіне қажетті құжаттармен қамтамасыз етіледі. Әрбір студентке туындаған сұрақтары бойынша ректордың блогына хабарласуына мүмкіндік берілген.

Университетте қолданушыларға қызмет көрсетудің инновациялық моделі іске қосылған. Бағдарламалық қамсыздандыру ретінде «КАБИС» бағдарламасы қолданылады, ол 2 модуль ішінде барлық кітапханалардағы үрдіске қызмет көрсетеді. «Комплекттеуші», «Катализатор», «Оқырман», «Кітаппен қамту», «Кітап беру», «Әкімшілік». Пайдаланушыларға заманауи анықтама – библиографиялық аппарат берілген: «Электронды каталог, мақалалардың электронды тізбесі, авторефераттар мен диссертациялардың электронды тізбесі». Каталогпен жұмыстың екі түрі жүргізіледі: электронды және дәстүрлі (карточкамен).

Студентке орталықтандырылған білім беру бағдарламасын дамытудың тиімділігін арттырып, жетістікке жету мақсатында оқу үдерісіне үнемі бақылау жасалып, жұмыс оқу жоспарларына типтік оқу жоспарына сәйкес өзгеріс енгізіліп отырады. Сонымен қатар ОПК еңбектеріне де сараптама жасалып, кемшіліктер түзетіліп отырады. Оқытушылар 3 жыл сайын профессор, доцент лауазымдарына жарияланған конкурсқа қатысып, соның негізінде іріктеледі.

ОПК-ның кәсіби біліктілігін бақылау жүйесі ашық сабақтар, өзара сабаққа қатысу т.б. іс-шаралар негізінде жүзеге асады. Бұл бағытта оқытушылардың біліктілігін арттыру жұмыстары да көзделген (ЖОО аралық республикалық, халықаралық ғылыми-әдістемелік семинарлар мен тренингтерге қатысу, шетелдік профессорлардың дәрістеріне қатысу т.б.).

Академиялық талаптарды орындай алмайтын студенттерге академиялық қолдау көрсетіледі. Яғни, білім алушыларға білім алу үдерісінде тікелей жеке (эдвайзерлер, тәлімгер-тьюторлар), кешенді және пәнаралық (деканаттар) қолдаулар көрсетіледі. Оқуға қабылданған сәттен бастап білім алушы кез келген уақытта тьютордан, кафедраның кез келген оқытушысынан, эдвайзерден, кафедра меңгерушісінен, деканнан және оның орынбасарынан көмек сұрай алады.

БББ бойынша пәнді өз уақытында меңгере алмаса, жаз уақытында немесе келесі семестрде пәнді қайта оқуға мүмкіндік беріледі. Егер студент курс бағдарламасын толық өтіп, келесі курсқа өтуде төмен балл алса, өзінің үлгерімінің орташа балын жоғарылату үшін жазғы семестрде пәнді ақылы түрде оқуына мүмкіндік алып, емтиханды қайта тапсырады.

Білім алушылардың үлгерімін ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттаудың ішкі мониторингісі бір жүйеге түскен.

Ол Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің -2018 жылғы 31 қазандағы № 604 бұйрығына, ҚР Білім және ғылым министрінің 05.05.2020

№ 182 бұйрығымен өзгеріс енгізілген білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын және білім беру бағдарламаларын меңгеру дәрежесін анықтау мақсатында жүргізіліп отырады.

Студенттердің академиялық жетістіктері автоматталған ақпараттық жүйе PLATONUS web-сайты арқылы жарияланып отырады. Әр студент жеке кабинеті арқылы өзінің білім дәрежесінің бағалану деңгейін бақылай алады. Білім сапасын мониторингілеу жүйесіне сәйкес ереже құрастырылған және сипатталған. Мониторингтің әрбір түрі бойынша критерийлер мен нормативтер көрсетілген. Жыл сайын білім сапасын мониторингілеу және талдау бөлімі әр студенттің академиялық жетістіктеріне жүйелі түрде мониторинг жүргізіп отырады.

Ауыстыру, оқуға қайта алу, академиялық демалыс беру сияқты академиялық қағидалар "Тиісті үлгідегі білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары" ҚР БҒМ 2018 жылғы 30 қазанындағы №595 бұйрығына және университеттің академиялық саясатына сәйкес сақталады.

Білім алушылардың «Сырдария» университетінен басқа жоғары оқу орнына (ЖОО), басқа ЖОО-нан «Сырдария» университетіне және университет ішіндегі бір білім беру бағдарламасынан екіншісіне ауысуға құқы бар. Басқа ЖОО-нан «Сырдария» университетіне қабылданатын білім алушының даярлау бағытын және білім беру бағдарламасының бейінін, сондай-ақ білім алушының оқу жетістіктерін ескереді

Қорытынды аттестаттау, әдетте диплом жұмысын қорғайды. Есепті кезеңде қорытынды аттестаттаудан сәтті өткендердің саны 100% құрайды. Бітірушіге 6B04201 - «Құқықтану» / 5B030100 - «Құқықтану білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры дәрежесі беріледі (Қосымша 12).

Ауыстыру, оқуға қайта алу, академиялық демалыс беру, қабылдаудың негізгі шарты сияқты академиялық қағидаларды сақтау ережелері университеттің академиялық саясаты арқылы жүзеге асады.

Білім беру бағдарламасының үшінші стандарт бойынша сәйкестік деңгейі – толық сәйкестік.

Стандарт 4. Студенттерді қабылдау, үлгерім, тану және сертификаттау

Дәлелдемелер және талдау

Білім беру бағдарламасы тұрақты түрде талапкер тарту мақсатында кафедра тарапынан жыл сайын кәсіптік бағдар жұмыстары жүргізіледі. Құқықтану білім беру бағдарламасына қызығушылық танытатын оқушыларды анықтау мақсатында кафедра оқытушылары аудан көлеміндегі мектептер мен колледждердің оқушыларымен кездесу ұйымдастырып жыл бойында пәндік олимпиадалар өткізіп, ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізеді. Сондай-ақ мектеп оқушыларына ЖОО қабылдау ережелері, білім беру бағдарламасын таңдау жайлы мағлұмат беріледі.

Білім бағдарламасы бойынша білім алушыларды қабылдаудың өзіндік саясаты мен процедуралары бар. Талапкерлер университетте оқуын төрт жылдық бакалавриат бағдарламасы бойынша (мектеп түлектері), үш жылдық бағдарлама (колледж түлектері), екі жылдық бағдарламалар бойынша (екінші жоғарғы білім алушыларға) білімдерін жетілдіре алады. Қабылдау университеттің академиялық саясаты негізінде жүргізіледі ([www. sirdariya.kz](http://www.sirdariya.kz)).

«Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 31 қазандағы №600 бұйрығына өзгерістер енгізілген 2019 жылғы 14 маусымдағы №269 бұйрығының 2-тармағының 4 тармақшасында жоғары білім берудің кәсіби оқу бағдарламаларын іске асыратын ҚР білім беру ұйымдарына жалпы орта (орта жалпы), техникалық және кәсіптік (бастапқы және орта кәсіби, ортадан кейінгі), жоғары (жоғары кәсіби) білімі бар, тест қорытындысы бойынша ЖЖОКБҰ-ға – кемінде 50 балл, оның ішінде Қазақстан тарихы, математикалық сауаттылық, оқу сауаттылығы – оқу тілі бойынша – кемінде 5 балл және әр бейіндік пәннен кемінде 5 балл алуы қажет.

Университетке қабылдау ҚР БҒМ «Жоғары білім беру кәсіптік оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарына оқуға қабылдаудың типтік ережелері» және университет нормативтік-құқықтық құжаттарының жинағы негізінде жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламалары 1 курстан 4 курсқа дейінгі аралықта өткізілетін пәндердің жүйелілігіне құрылған. 1,2 курстарда білім жалпы білім беретін және базалық пәндері бойынша берілетін болса, 3,4 курстарда білім негізінен мамандыққа қатысты кәсіптік пәндер бойынша беріледі. Жұмыс оқу жұмыстарындағы пәндер студенттерді ілгерілету үдерісіне жетелейді. 4 курста іс-тәжірибеден өткенге дейін студенттер барлық теориялық білімді меңгеріп шығады.

Ақпараттық сайтта оқу орны жайлы барлық мағлұмат бар. Әсіресе, оқуға келемін деуші талапкерлер үшін қабылдау ережесі жайлы толық мағлұмат берілген. Оқу орнына жаңадан қабылданған студенттерге анықтамалық кітапша, оқу пәндері бойынша оқу-әдістемелік кешендер, элективті курстардың каталогі ұсынылады. Анықтамалық кітапшаға университет, факультет, ұйымның оқу үрдісіндегі ережелері, ішкі тәртіп ережелері, оқу ақысын төлеудің шарттары, оқу үшін банк қызметін қолдану шарттары жайлы мәліметтер беріледі.

Университетте студенттердің оқу жағдайына тез бейімделу мүмкіндіктері қарастырылған. Басқа ЖОО-дан студенттер қабылдау Білім беру ұйымдарының типтері бойынша білім алушыларды ауыстыру және қайта қабылдау қағидаларына, университеттің сапа саясатына сәйкес жүзеге асырылады ([www. sirdariya.kz](http://www.sirdariya.kz)).

Студенттерді басқа ЖОО-нан ауыстыру кезінде олардың алдындағы академиялық кезеңде зерделенген жұмыс оқу жоспарларындағы пәндердегі

академиялық айырмашылықтар анықталады. Кредиттерді мақұлдау және қайта тапсыру білім беру бағдарламаларын, меңгерілген пәндердің мазмұнын, көлемін, алған білімдерін, икемдерін, дағдылары мен құзыреттіліктерін, оқыту нәтижелерін салыстыру негізінде жүзеге асырылады.

Білім беру бағдарламаларының түрлері мен білім беру деңгейлері бойынша студенттер контингентінің электронды базасы жасалған. Студенттердің қажетті контингентін тарту үшін ЖОО саясаты мен маркетингі, қабылдау шарттары және білім беру бағдарламаларына рұқсат берудің ерекше шарттары әрқашан талдау жасалып отырады. Университеттің электронды базасында жеке оқу жоспарлары, силлабустар, ПОӘК материалдары орналастырылған. Студенттердің қажетті контингентін тарту үшін ЖОО саясаты мен маркетингі, қабылдау шарттары және білім беру бағдарламаларына рұқсат берудің ерекше шарттары университет сайтында орналастырылған. Сондай-ақ болашақ студенттер үшін таныстыру презентациялары және олармен жеке әңгімелесулер, БАҚ-та жарнамалық акциялар және ашық есік күндері өткізіледі.

